



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Құрмет



Мәдениет майталмандары марапатталды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай мерекелік шара өтті. Оған сала қызметкерлері мен ардагерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, сала жетістіктеріне тоқталды.

— Баршаңызды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, халқымыздың руханиятын байытуға зор үлес қосқан мәдениет және өнер майталмандарының еңбегі қашанда елеулі. Мемлекет басшысы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берген еді. Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, көзінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Биыл — еліміз, өңіріміз үшін тарихи мерейтойлар жылы! Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр гарыш айлағының құрылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ел тарихында алар орны мен маңызы зор. Мәдениетіміздің мәртебесі әрдайым жоғары болсын! Киелі «Сыр өлі — жыр елінің» рухани қазынасы толығы бергей, — деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада үздік жетістіктері және айрықша еңбегі үшін сала қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Қызылорда облыстық филармониясының әншісі, Мәдениет қайраткері, 40 жылға жуық уақыттан бері қазақ өнерін алыс-жақын шетелдерге танытқан Медеуова Үміткүл Еменқызы «Құрмет» орденімен, Сыр өңірінің рухани-мәдени дамуына үлес қосқан жыршы-жырау Тәңірбергенов Айбек Жақсанұлы «Ерөн еңбегі үшін» медалімен наградталды. Сондай-ақ бірқатар қызметкерге облыстың ең жоғары наградасы Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы берілді.

Мерекеде дәстүрге айналған облыс әкімінің «Тұран» сыйлығы табысталып, Сыр өңіріндегі әдебиет пен өнер өкілдерінің мерейі асқақтады. Олардың қатарында ақын, қарымды қаламгер, балалар әдебиетінің өкілі, жерлесіміз Қуат Ахетов те бар.

Қызылорда қаласы мен аудандардағы өнер ұжымдарына қобыз сыйға берілді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгілері, «Құрмет» грамотасы және алғыс хаты тапсырылды. Биылғы мерекелік даталарға орай өңірде жыл бойы бірқатар ауқымды мәдени-рухани шара өтеді деп жоспарлануда.

Айта кетейік, өткен жылы өңірде жарияланған «Руханият жылы» аясында барлық ауданда «Руханият» орталығы ел игілігіне табысталды. Бұл орталықтарда ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталуда. «Анаға тағзым», «Отбасы» орталығы, «Өнер» орталығы салынып, пайдалануға берілді. Жақында Қызылордада балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жүлдиздары» шығармашылық-инновациялық академиясы өз жұмысын бастады. Жас ұрпақтың шығармашылығын шыңдау, қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында соңғы үш жылда 4 «Оқушылар сарайы» мен 2 «Өнер мектебі» ашылды.

Шиелі ауданынан 200 орындық «Оқушылар сарайы» мен 50 орындық «Өнер мектебі» салынуда. Сыр топырағында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне қызмет еткен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты демеушілікпен бой көтеруде. Облыстық тарихи-өлкетану музейі салынуда, қалалық мәдени-демалыс паркі заманауи сипатқа өніп, қайта жаңғыртудан өтуде. Аталған нысандар 1 маусым күні ел игілігіне табысталады. Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатоменеркесіп» ҰАК демеушілігімен жаңадан «Достық үйінің» құрылысы басталды.

Өткен жылы алғаш рет мәдениет саласының мамандарына жаңадан көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды. Симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды. Сыр мәдениетінің негізгі брэнді, жыраулық дәстүр өкілдерінің отауы «Жыраулар үйі» ашылды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Егінжай — 2025

Күріштің күтімі бәрінен маңызды

Өткен апта күн қызуы қайтпағасын жаз ерте келді ме деп едік, қазір аптап ыстық басылып, ауа райы шаруа адамдарына қарасып тұр. Бұл сәтті «Сәрке батыр» ЖШС ұжымы құр жібермейді. Ауыл еңбеккерлері түгел егіс басында. Күрішшілер тіпті Сыр салысын суға бастырып қойған, бір аттаса, оны да қырқынан шығарады.

Шаруашылық биыл әкегісті наурыздың ортасында қорытындылаған. Қазір егіс басындағы еңбек адамдарының көбісі диқандар. Механизаторлар өз міндетін мамыр айының екінші онкүндігіне дейін орындапты. Ал қазір диқандар күріштің күтімін жасап жүр. Түсінеміз, даладағы маусымдық жұмыстың машақаты көп, бірақ бұған батыр атындағы шаруашылық ұжымы төселген.

— Жылдың қай мезгілінде де дала дарабоздарына тыным болған ба, бірақ біздің жұмыс әсіресе жаз бен күзде қызады. Көктемде әкегісің бар, жалпы жерге себілген өнімнің күтімі тағы бар. Сыртынан қараған адамға күріш егу тек жер жырып, дән тастап, оны суға бастырып, күзде жинап алумен шектелетін сияқты. Асылы мүлде олай емес, қарапайым тілмен айтсақ, дән себілген дегенше егіс алқабы бірнеше өңдеуден өтеді. Мұның бәрін кешке механизаторлар аяқтады. Мұнан кейін де егіс алқабы бірнеше өңдеуден өтті. Мол өрі сапалы өнім алудың қамын жасамасаң, тағы болмайды. Ертең күзде комбайн орақ салғанда жаз бойы атқарған жұмысымыздың нәтижесін көреміз. Былтыр да осы межеде күріш ектім, өнім мол болды. Биылғы меже одан жоғары, — дейді күрішші Алмат Ысқақов.

Әлекеңнің аталған шаруашылықта еңбек еткеніне ширек ғасырдан асқан. Сол уақыттан бері түрлі техника тізгіндеген, диқанның көмекшісі де болды. Кейін өзі де сушы болып, күріштің күтіміне жұмыс жасады. Сол уақыттан бері серіктестікте Сыр салысын батпап келеді.

Шаруашылық төрағасы Қанат Демесіновтың өз ісіне адалдығы, жалпы тәжірибелі һәм жауапты маман екеніне дау жоқ. Бүкіл жұмыстың жүйелі жүруінде оның қолтаңбасы бар десек, артық айтқанымыз болмас. Егіс басындағы еңбеккерлерге бағдаршам болумен қатар олардың бар жағдайын жасап отыр.

Иә, шаруаның нағыз маманы жайында бұлай ой қорытуымызға негіз жоқ емес. Өйткені серіктестіктің егіс басында бұған дейін де бірнеше мәрте



болды. Қанекенмен тек күріштің ғана емес, басқа өнімдердің де күтіміне қатысты сұхбаттасқанымызда бір сауалымызды жауапсыз қалдырмады. Өз ісін жетік білетін адам ғана жан-жақты ой түйеді ғой. Міне, серіктестік басшысы Қанат Демесінов — сондай жаң. Сондықтан өзі басшылық ететін ұжымның әр жылды табысты қорытындыламауға хақысы жоқ.

Былтыр серіктестік 950 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен, сұрпын сұрасаңыз, «Лидер» мен «Маршалы». Күріштің бұл сұрпы салмақты болғандықтан нарықта да өтімді көрінеді. Ал толық пісіп-жетілуге уақыты — 100-110 күн. Ерте көктемнен шаруашылықта 950 гектар күріштің күтіміне 20 диқан жауапкершілікпен жұмыс жасаған. Нәтиже де жаман емес, былтырғы күзгі науқанда оның әр гектарынан 55 центнер орташа өнім жиды.

Қанекеннің сөзінше, биыл да осы меже сақталып отыр. Шаруашылықта егістік жер жетеді, бірақ бұл ұжым егісті әртараптандыруға басымдық берген. Бұл бір жағынан сапалы өнім алуға және суды үнемдеуге үлкен сеп болып отыр.

Жалпы «Сәрке батыр» ЖШС — ауданда егінді әртараптандыруға ерекше мән берген шаруашылық құрылымдардың бірі. Былтыр да ротация тәртібін сақтаған серіктестік күріштен бөлек 440 гектар жонышқа, 70 гектар бидай және 50 гектар мақсары еккен. Жоңышқаны

үш орып, бидай мен мақсарыдан да мол өнім алды. Мәселен, бидайдың әр гектарынан 9 центнерден өнім жиды.

Жыл сайын шаруашылық бақша салуға ниетті ауылдағы ағайынға жер ашып беретін. Мәселен, 2023 жылы 8 гектар бақшалық жер дайындаған. Оған Ақсудағы және Жалағаш кентіндегі бірнеше отбасы бақша салып, қыстық азығын қамдап алды. Былтыр да жергілікті халықтан сұраныс болған. Батыр атындағы серіктестік ұжымы елдің талап-тегің ескеріп, 7 гектар жер дайындаған. Нәтижесінде биыл да ауылдағы бірнеше отбасы бақша салып, қауын-қарбыз, асқабақ, картоп, сәбіз, қызылша секілді бақша дақылдарын баптап, мол өнім жиды. Қанат Демесінов елдің бақша салуға ынтысын жоғары бағалап отыр. Тіпті биыл да елдің егін егуіне жағдай жасамақ.

— Бұған қатысты аймақ басшысының тікелей тапсырмасы бар, «егін өгемін, бақша саламын» деген халыққа жергілікті шаруашылықтар жер ашып беруі керек. Қазір «бұл үрдіс дәстүрге айналды» десе де болады. Бұған қатысты жергілікті халықтың сұранысын қанағаттандырдық. Былтыр да осы мақсатта 7 гектар жер ашылды. Біз жерді ашып, қоршап, аяқсу жеткізіп береміз. Тек бақша салуға ниетті жұрт өз өнімінің күтіміне жауапты. Тіпті былтыр ашылған жерге бақша салып, одан шыққан өнімді нарыққа шығарғандар да болды. Мәселен, ақсулықтар

былтыр баптаған бақшалық өнімдерін, яғни картоп-сәбізін, қауын-қарбызын аудан орталығында өз тұтынушыларына сатылымға шығарды. Халық жалқау емес, ел еңбексүйгіш қой, тек олардың талабына жағдай жасасаң жеткілікті. Міне, аймақ басшысының да тапсырмасының түпкі мақсаты осы деп ойлаймын. Биыл да 3 гектар жер ашып, су жеткіздік. Қазір ауыл тұрғындары бақша егуді бастап кетті, — дейді Қанат Демесінов.

Иә, еңбегі еселі шаруашылық ұжымының бүгінде шаруасы айтарлықтай шираған. Әлбетте оның түбінде үлкен ізденіс, ауызбіршілік пен еңбек жатқаны айтпаса да түсінікті. 110 адам жұмыс жасайтын шауашылық құрылымы биыл да межелі өнімге қол жеткізуді көздеп отыр. Мақсат айқын, іс нәтижелі болса, ол күнге де күйе боларымыз анық.

Қазір диқандар күрішті толық суға бастырған. Енді бір аттаса, судың ауысымына жұмыс жасайды. Ал күріш қырқынан шыққасын су лайланбаса, Сыр салысы содан күзге дейін қорегін алады. Диқан Алмат Ысқақов былтыр аяқсудан тапшылық болмағанын айтады. Ал биыл былтырғыдай ағыс қатты емес, десе де өлі науқанның басы, күзге дейін қалай болады? Ол жағы алдағы уақыттың еншісінде.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Сушы Талғат

Тілшілік тіршілікпен Ақбостайдағы «Сәрке батыр» шаруа қожалығына атбасын бұрдық. Дала жұмысын наурызда-ақ бастап кеткен дала дарабоздарының шаруасы ширақ. Алып техникалар көрінбегенімен күрішшілер алқап басында. Өріне, қазір диқан атаулыны егістік алқабынан табасың. Не керек, каналды ашып, атызға қарай суды бағыттап жатқан сушыны әңгімеге тарттық.

«Қазір мен канал суын реттеп жатырмын. Бір жағына аз, екінші жағына көп мөлшерде су жіберуге болмайды. Барлығын бақылауда ұстап отыру керек. Күріш бітік шығуы үшін суын дұрыс қоя білу маңызды. Өйткені күріштің шығымы берілген суына байланысты. Ауа райының ерте ысуына байланысты суару маусымы ерте басталды. Биыл 59 гектар жерге күріш ектім. Өріне, соңғы жылдары су тапшылығы шаруаларға қиындық туғызғанын білемін. Жалпы су шығынын азайтуда егістік жерді лазерлік тегістеудің маңызы зор. Сондықтан дән сеппей тұрып, лазерлік жер тегістеу әдісін пайдалану арқылы су үнемдеуді қолға алуға тура келді» деп бастады әңгімесін сушы Талғат Мұса.

Сондай-ақ күрішші күріш дөнін топыраққа дискілеп енгізу арқылы егіп көріпті. Төкеннің айтуынша, бұл әдіс жерді тегістеуге, суды үнемдеуге, мол өрі сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тынайтықш пен тұқымды үнемдеп егуге де үлкен септігін тигізеді.

Егін саласында 7 жылдан бері еңбек етіп жүрген Төкең бүгінде бұл жұмыстың қыр-сырын меңгерген.

Егінжайға орақ түскенше күтіп-баптау, суын қою секілді тірліктердің әртүрлі әдіс-тәсілдерін жітік біледі. Ол биыл тек «Лидер» сұрпын баптауда. Былтыр өгін шығымы жақсы болыпты, әр гектарынан 55 центнерден өнім алған. Биыл да сол межеден төмендемей, тіпті рекорд орнатуға ниетті. Өйткені шаруашылық тарапынан жоғары өнім алған шаруаларға қаржылай сыйақы, тіпті автокөлік те беріледі екен.

— Өзіме жұмысым қатты ұнайды. Ерінбесең ғана еңбегіңнің жемісі тәтті болады. Жалқаулық жаман әдет екенін білеміз ғой. Иә, жеңіл жұмыс еш жерде жоқ. Күріш өсіру ең алдымен жердің бабына, аяқсуға, ауа райына да байланысты. Оның дәмді, өнімді болуы үшін топырақтың құнарлығына, аяқсудың молдығына аса мән берген жөн. «Піс, аузыма түс» деп отырған мен жоқ. Барлығы еңбектің арқасында келеді. Жаз бойы күн-түн демей күтім жасаймын. Соның арқасында жоғары өнімге қол жеткіземін, — дейді Талғат Шәмшатұлы.

Иә, шаруа адамдарының көңіл-күйі керемет, тірліктері тындырымды. Ұйымдастыру жұмыстары, еңбеккер-



лердің ауызбіршілігі де ойдағыдай.

Көктемнен бастап еңбек көркін қыздырып келе жатқан дала дарабоздарының күріштен тау тұрғызатынына күмәніміз жоқ. Былтыр жалағаштық диқандардың күріштен рекорд қойып,

аймақта «Үздік аудан» атанғаны сөзіме дәлел. «Басын көтеріп елден сұрағанда, басын иіп жерден сұрайтын» еңбек адамдары аман болсын!

Жандос ЖАЗКЕН

Мәжіліс



Балалар қауіпсіздігі басты назарда

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс отырысы өтті. Күн тәртібінде 2024-2025 оқу жылының аяқталуы, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Аудан әкімі жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытын сапалы әрі қауіпсіз өткізу бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

— Оқу жылы аяқталып, оқушылардың жазғы демалысының басталуына да санаулы күндер қалды. Сондықтан бұл кезеңге тыңғылықты дайындық қажет. Әрбір бала демалыс уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуі тиіс. Сол үшін барлық жауапты сала басшылары берілген тапсырмаларға сәйкес нақты жұмыстарды атқаруы керек, — деді аудан басшысы.

Мәжілісте «Ақтерек» сауықтыру лагерінің аумағында шыбын-шіркей және зиянкестерге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, тәрбие мен қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудару, үйірме мен спорттық секциялардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тарихи-мәдени орындарға экскурсиялар ұйымдастыру тапсырылды.

Сонымен қатар мектеп бітіруші түлектерге қатысты қауіпсіздік шаралары нақтыланды. Бұған дейін мектеп бітіру кештерін өткізуге тыйым салынғаны белгілі. Осыған орай түлектердің автокөлік көрнектерін ұйымдастыруға жол бермеу мақсатында нақты шаралар қабылданды.

Айта кетейік, бүгінге дейін 20 мектепте 7012 оқушы білім алды. Биылғы оқу жылында 9 сыныпты 675 оқушы, 11 сыныпты 447 оқушы бітірді. «Үздік аттестатқа» 9 сыныптан үміткерлер саны — 82, 11 сыныптан — 49 оқушы. «Алтын белгіге» үміткер оқушы саны — 16.

Күн тәртібіндегі қосымша мәселеге сәйкес, су айдындарында шомылу қауіпсіздігі бойынша рейд жұмыстарын күшейту және бақылауды қатаңдату тапсырылды.

Е.ӘНУАРҰЛЫ

Сапар

Тұрғындар талабы тыңдалды

Елге қызмет етудегі басты мақсат — халықтың мұң-мұқтажын тыңдай отырып, соның шешілу жолын табу. Қай қызметтегі азамат болсын халықтың көкейіндегі мәселесін шешуге ықпал етіп, әлеуметтің әлеуетін көтеруге жұмыс жасауы тиіс. Қоғамдағы түйткілді мәселені көтеріп, ауыл тұрғындарының ойындағысын тыңдай алсаң және оның тиімді шешілуіне үлес қоссаң, халық сол тірлікті лайық бағалайды.

Осы орайда «Аманат» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйле Төрешова бастаған партия филиалы жанындағы мобильді топ өкілдері ауданға қарасты Аққыр және Жаңаталап ауылдарында қоғамдық қабылдау өткізді.

Онда ауыл тұрғындарының көтерген мәселелерін тыңдап, қолданыстағы заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, партия тарапынан халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру



бағытында жасалып жатқан жұмыстар теңірегінде кеңінен ақпарат берді.

Қос ауылда өткен мобильді қабылдауға 30-ға жуық азамат келіп, өздерін толғандырған сауалдарына жауап алды. Аққыр ауылдық округінде өткен қабылдау барысында ауыл тұрғындары кәсіппен айналысуға, қайтарымсыз не-

сие, «Дипломмен ауылға» және «Ауыл аманаты» жобасы теңірегінде, сонымен қатар ауылға жаңа клуб салу, аяқсу мәселесін алға тартты. Мәселен, ауыл тұрғыны Нұрсейіт Болтаев «ауылға аяқсу келсе, тұрғындар бау-бақша егіп, өнімін алар еді» дейді.

— Жаз келсе, жаңадариялықтардың тірлігі — бау-бақша баптау. Жылда

қауын-қарбыз, асқабақ, картоп егеміз. Бірақ соңғы жылдары аяқсудан мәселе туындап жүргені жасырын емес. Жалпы ауылға су «Жаңадария» арнасынан бастау алатын ұзындығы 29 шақырымды құрайтын «Қышбөгет» каналы арқылы келеді. Аяқсу ауылда 1 мамыр мен 20 маусым аралығында ғана болады. Су тапшылығынан бау-бақша егу де қиын. Аяқсу мәселесі шешілсе, ауыл тұрғындары егін егіп, қажетті өнімдермен өзін-өзі қамтамасыз ететін еді, — дейді Нұрсейіт Болтаев.

Мәселе жақын уақытта шешімін таппақ, өйткені бұл жергілікті әкімдіктің де, партияның да назарында. Бұл мәселені жою үшін қазіргі таңда жалпы құны 460 млн теңге болатын ұзындығы 8 шақырым «Аққыр» каналын қазу бойынша облыстық табиғи ресурстарды және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан тиісті министрлікке қаржысын шешу бойынша ұсыныс беріліп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Жаңаталап ауылында өткен қабылдау барысында тұрғындар ауылдың солтүстік беткейіндегі коллекторларды кесіп өтетін көпірлердің құрылысына жөндеу жұмыстарын жүргізу, мал жайылымы, аяқсу, ауылға клуб салу мәселелерін көтерді.

Ауыл тұрғыны Тоқтаркүл Тұрмаханова біраз жылдан бері ауылдық клубта қарауыл болып жұмыс істейді. Мәдениет ошағының іргетасы 1960 жылдары қаланған. Ол ауыл клубы апаттық жағдайда болғандықтан азаматтардың қауіпсіздігіне алаңдайтынаны айтып, тозығы жеткен клуб орнына жаңа мәдениет ошағы салынса деген өтінішін білдірді.

Мәселеге қатысты мобильді топ мүшесі, аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағамбетов жауап берді. Аудан әкімінің орынбасарының айтуынша, Жаңаталап ауылына жалпы құны 460 млн теңгені құрайтын 100 орындық жаңа клубтың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қаржыландыру бойынша өтінім тапсырылған.

Мобильді топ өкілдері ауыл тұрғындары көтерген апаттық жағдайдағы ауылдық клубтың жай-күйімен танысты. Партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйле Төрешова тұрғындарға көтерілген мәселелер партиялық бақылауға алынып, нақты шешімін табатынын жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тағзым

Тыл ардагері атындағы турнир

Саналы ғұмырын өңірдің өркендеуіне сарп еткен Алимаш Таженованың есімі жалағаштықтарға етене таныс. Тағылымды ғұмыр иесі өмірінің соңына дейін өзіне адал еңбекті серік етті. Дала жұмысында да дараланып, Сыр салысынан мол астық жинады. Бірнеше мекемеде, кәсіпорында қарапайым жұмысшы болды. Өнегелі өмір иесінің еңбегі еленіп, талай рет марапат төрінен көрінді.

Жалпы біз осындай қарапайым еңбек адамдарының тағылымды ісін, саналы ғұмырын еске алуға ұрпаққа үлгі етуге міндеттіміз. Өйткені қарапайым еңбек адамдарынан үлгі алған жастардан бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптасады. Ал ел дамуында мұндай жастардың қандай рөл атқаратыны айтпаса да түсінікті.

2023 жылдан бері Жалағашта еңбек адамы Алимаш Таженованы еске алуға арналған футбол турнирі өтіп келеді. Дәстүрлі шара биыл, яғни Жұмысшы мамандықтары жылы да жалғасын тапты. Спорттық шараның ашылу рәсімінде аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркен Жантуғанов, және тыл ардагерінің ұрпақтары тағылымды естеліктерімен бөлісіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

— Жалпы өткенің ұлықтап, өшкенің қайта жаңғырту — баршамызға ортақ міндет. Өйткені біз тарихымызды танымай, адал еңбекпен еңсе тіктеген қарапайым жұмысшыларды, еңбек адамдарын жастарға үлгі етпей бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыра алмаймыз. Сондықтан осындай қарапайым еңбек адамдарының тағылымды ғұмырын үлгі етуге басымдық беруіміз керек. Жалағаштықтарға тыл ардагері Алимаш Таженова анамыздың есімі жақсы таныс. Әжемізді аудан жұрты еңбексүйгіштігімен, өнегелі өмірімен, елдің дамуына қосқан үлесімен таниды. Міне, сондықтан бүгінгі жарысты тек спорттық сайыс емес, тағылымды шара деп түсінуіміз керек. Турнир үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Демеуші болған әжеміздің ұрпақтарына да мың алғыс. Қатысушыларға тек сәттілік тіеймін, — деді Еркен Жантуғанов.

Иә, биылғы турнир өте тартысты өтті. Бұл сайысқа жалағаштық аяқдоп шеберлерінің тыңғылықты дайындықпен келгені анық байқалады. Жарысқа Жалағаш кенті мен ауылдық елді мекендерден 14 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Турнирдің бірінші кездесуі «Адия» мен «СМУ» құрамасы арасында өтті. Ойын соңына дейін қос команда қорғанысқа басымдық берді. Тіпті біразға дейін есеп ашылмады. Кездесудің соңына дейін «Адия» жігіттері «СМУ» қақпасынан саңылау тапты. Жанкүйерлер осыдан кейін драмаға толы ойын көреміз деп топышылады. «СМУ» жігіттері де таразы басын теңестіруге барын салды. Алайда «Адияның» қақпашысы сыр бермеді. Осылайша алғашқы ойын 1:0 есебімен аяқталды.

Мұнан кейінгі кездесулер де тартысты өтті. Жанкүйерлер үшін қуанатын да, «өттенген-ай» дейтін сәттер де көп болды. Түске дейін іріктеу ойындары өтіп, үш топтан бірнеше команда финалдық кездесулерге жолдама алды.

Келесі кезеңге «А» тобынан «Адия» мен «Ақсу» командасы жолдама алды. Бұл топта «Адия» жігіттері 9 ұпаймен көш бастаса, «Ақсу» командасының қоржынында 6 ұпай бар. Ал «Б» тобында «Дәуімбай» жігіттері нәтижелі ойын көрсетті. Олар 4 кездесу өткізіп, оның екеуін жеңіспен аяқтаса, екеуінде тең тарқасты. Осылайша турнирлік кестеде «Дәуімбай» жігіттері 8 ұпаймен көш бастады. Мұнан кейінгі орындарға 7 ұпаймен «Наркескен» мен «М.Шәменов-2» командалары жайғасты.

«С» тобында «Темірбек Жүргенов» жігіттері қарсылас шақ кел-

тірмеді. 9 ұпаймен дараланған ауыл спортшылары бұл жарысқа тыңғылықты дайындықпен келгенін ширақтығымен, аланда өздерін еркін ұстайтынымен, және допты оңай меңгеруімен дәлелдеді.

Әне-міне дегенше турнирдің 1/4 кезеңіне де келіп жеттік. Бірінші ойын «Ақсу» мен «Дәуімбай» жігіттері арасында өтті. Кездесуде «Ақсу» командасының қақпасына қарсыластары 2 гол соқты. Алайда оның ешқайсысына жауап болмады. Осылайша жартылай финалға «Дәуімбай» командасы жолдама алды.

«Наркескен» мен «М.Шәменов-2» командалары арасындағы ойында гол көп болды. Мәселен, «Наркескен» жігіттері қарсыласының қақпасына 4 гол салса, ауыл жігіттері жұбаныш голын соғып, ойын 4:1 есебімен аяқталды. Ал «М.Шәменов-1» мен «Адия» арасындағы кездесу драмаға толы болды. Бұл ойында бас төреші бас-аяғы 6 голды есепке алды. Кездесуде тең тарқасқан қос команда келесі кезеңнің жолдамасын айып добын орындаумен сарапқа салды. Соңында «Адия» командасы жартылай финалдан көрінді. «Таң» мен «Темірбек Жүргенов» командалары арасындағы кездесуде келесі кезеңге қоғам қайраткері атындағы команда өтті.

Жартылай финал 4 команданың ішінен жеңіске жеткендер ақтық мәреге жолдама алса, қарсыласына есе жібергендер үшінші орынды сарапқа салады. Алғашқы ойын «Наркескен» мен «Дәуімбай» арасында өтті. Кездесу 3:1 есебімен аяқталып, ақтық мәреге «Наркескен» командасы жолдама алды. Ал «Адия» мен «Темірбек Жүргенов» командалары



арасында қайраткер атындағы команда қарсыласына есе жіберді. Үшінші орынға таласта да олар барын салғанымен «Дәуімбай» құрамасы мықтылығын дәлелдеді.

Ақтық мәре. «Наркескен» мен «Адия» Қос топтан суырылып шыққан командалардың қайсысы жеңіске жетеді? Жанкүйерлердің ішінде жалғыз сұрақ осы. «Адия» бұл кездесуде қорғанысқа басымдық бере жүріп, қарсыласының қақпасына қос гол соқты. Мұнан кейін есеп еш өзгеріссіз қалды. Осылайша «Адия» турнирдің жеңімпазы атанды.

Үшінші мәрте ұйымдастырылған турнир де өз мәресіне жетті. Марапаттау рәсімінде жеңімпаз командаға кубок пен диплом табыстаған тыл ардагерінің ұрпақтары Бегман Кажданбек пен Ақберген Таженов тыл ардагері атындағы турнирде белсен-

ділік танытқан қатысушыларға алғыс білдірді.

— Сырда туып, Сырда өскен, саналы ғұмырын туған жердің түлеуіне арнаған Алимаш Қалилақызы атындағы тағылымды шарада бас қосып отырмыз. Аламыздың өнегелі өмір жолын жастарға үлгі ету — ортақ міндет. Бүгінгі шарада жарыстың көркін қыздырған жастарға алғыстан басқа айтарым жоқ. Жеңімпаз командаларды құттықтаймын, — деді Бегман Кажданбек.

Жарыс жеңімпазы «Адия» командасына турнирдің бас кубогы мен арнайы диплом және 100 мың теңге қаржылай сыйақы табысталды. Ал ақтық мәреде сыр берген «Наркескен» командасы 70 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды. Үздік үштікті түйіндеген «Дәуімбай» командасына 50 мың теңге берілсе, қай-


раткер атындағы командаға 20 мың теңге қаржылай сыйақы табысталды.

Мұнан белек турнирде өзінің ерекше ойынымен көзге түскен аяқдоп шеберлері де арнайы номинацияларға ие болды. Мәселен, Кенжебек Сманқұлов «Үздік қақпашы» атанса, Нұржан Мұсахан «Үздік шабуылшы» деп танылды. Қорғаныста сыр бермеген Мирхан Саудабек «Үздік қорғаушы» атанды. Сондай-ақ басқа да ойыншылар түрлі номинацияларға ие болып, қаржылай сыйлыққа ие болды.

Айта кетейік, тыл ардагері Алимаш Таженова атындағы аудандық турнир 3 жыл қатарынан ұйымдастырылып келеді. Келер жылы дәстүрлі шара облыстық деңгейде өтіп, ауқымы кеңейеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тұлға



Қуандық Ахметов қашан көрсен де ақжарқын, мейірман қалпынан танбайтын абыройлы ағаларымның бірі. Оны жақсы білетінім жасы менен төрт бес жас үлкендігі болғанымен бір ауылда туып өсіп, бір мектепте оқыдық. Сол кездегі балалардың сабақ оқып, білім алуға, еңбек етіп, спортпен шұғылдануға деген ынта-ықыласы, құштарлығы ерекше еді. Көргендер біледі, ол кезде мектептің материалдық базасы нашар, қазіргідей көрнекті оқу құралдары, спорт алаңдары жоқтық қасы. Мектептің алдында жалғыз волейбол алаңы болды. Сонда барып волейбол ойнайтынбыз. Спортқа бейім бір топ жігіт шегеқұм төселген орынға жиналып, күресіп күш сынасатын.

Білікті бапкер

Бастауыш сыныпта оқытын біз сабақтан соң ересек балалардың күресін көріп тамашаладық. Бірі іштен шалып, енді бірі жамбасқа алып, арыстанша алысқан ауыл балаларының жегеніне қол соғып, қошемет көрсеттібіз. Солардың ішінен кейін ауылымыздың абыройын асқақтатып бір топ палуан шықты. Мәселен, Бердігүл Байсейітов, Жылқыбай Әнуарбеков, Өтеп Маханов, Кенжебек Сәрсенбаев, Маханат Елемесов, Иса Әлменов секілді палуандар аудан асып, облыстық бәсекелерде жеңіске жетіп, жүлдемен оралғанын жұрт жақсы біледі. Солардың қатарында жауырыны жерге тимей жеңіс тұғырынан көрініп, ауыл палуаны атанған қазіргі спорт саласының ардагері Қуандық Ахметов ағамыз да бар.

Ол – Мәдениет ауылының тумасы. Ауылдағы №32 орта мектепті оқып, екі жыл өндірісте қалып жұмыс істеді. Мектеп жаынан құрылған бригада құрамында күріш егіп, күтіп баптап еңбек етті. Шіркін, баптай білсең, жер жомарт қой. Сол жылы бригада мүшелері Сыр салысынан мол өнім жинады. Сол кезде алғаш рет адал еңбек, төккен тердің жемісін көріп қуанғаны әлі есімде.

Отан қорғау әрбір азаматтың борышы. Қуандық ағамыз ауылдстарымен бірге ескерге алынып, Кеңес армиясы қатарында қызмет етті. Әскер қатарында азаматтық борышын атқарып жүріп те спорттан қол үзген емес. Самбо күресімен шұғылданып, жауынгерлер арасындағы сайыстарда жеңіске жетіп, КСРО-ның спорт шебері атағын алды.

Арман қуған ауыл азаматы Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты, одан кейін Қазалы ауыл шаруашылығы техникумында білім алды. Институт қабырғасында оқып жүріп, студенттер арасында «Спорттак», «Динамо», «Қайрат» қоғамдарының облыстық, «Буревестник» қоғамының республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы болды.

1972 жылдан бастап туған ауылы Мәдениетте мектепте мамандығы бойынша қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дәріс берді. Ұлағатты ұстаз ұрпақ тәрбиелеп жүріп, спорт үйірмесін ашып, бапкерлік жұмысын қоса атқарды. Ауылдағы палуан жігіттерді жинап, команда жасақтады. Жаттығулар кезінде тегілген тер, өткен еңбек еш кетпеді. 1974 жылы Петропавл қаласында өткен ауыл спортшыларының республикалық спартакиадасында облысымыздың намысын қорғаған Мәдениет ауылының палуандары командалық есеп бойынша үздік үштікті түйіндеді. Осы сайыста әртүрлі салмақ дәрежесіндегі Маханбет Аққошқаров, Тілепберген Қабатов, Көптілеу Көнішбаев, Еңбек Сымабаевтар жеңіске жетіп, елге қуанышпен оралды.

Жетпісінші-сексенінші жылдары палуан ағамыз еркін, самбо, қазақша күрестен облыстық құрама командасында көптеген жарысқа қатысып,

үлкен бәлесті бағындырды.Бозкiлемде өнер көрсеткен ол 7 дүркін облыс чемпионы, үш дүркін облыстың түйе палуаны атанды. 1974 жылы Мәскеу облысы Рәсшар қаласында самбодан өткен одақтық сайыста II орынды иеленіп, күрестің осы түрінен КСРО спорт шебері атанды.

Айта берсек, оның спорт саласындағы жетістіктері де, алған мадақ-марапаттары да жетіп атрылады. ҚР Ұлттық Олимпиадалық Комитеттің, алтын белгісімен марапаттаған Спорт жолындағы жетістіктері мен өмірі Қазақстанның «Алтын кітабына» енгізілген. Ол – ҚР Құрметті спорт қайраткері.

Сексенінші жылдардың соңында жоғары білімді һәм білікті маман Қуандық Ахметов сол кездегі 1 май ауылдық кеңесіне төраға болып тағайындалды. Кейін уақыт талабына орай ауылдық Кеңестің аты өзгеріп, Мәдениет ауылдық округіндегі қызметін қатарынан он жыл атқаруына тура келді. Өйткені тәуелсіздік алған алғашқы онжылдық қазақстандықтармен бірге Мәдениет ауылы үшін де өте ауыр болды. Нарық заңдарын халық бірден қабылдай алмады. Бірқатар мекеме жұмысын тоқтатып, шаруашылықтар майда құрылымдарға бөлінді. Соның салдарынан жұмыссыздық, қысқарту секілді тағы басқа экономикалық нышандар ауыл халқының көңіл-күйіне айтарлықтай әсер етті.

Ауыл бойынша шешімін күтіп тұрған әлеуметтік мәселелер көп еді. Солардың қатарында алдымен ауыл көшелерін жөндеп, абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Жаңақорған ауданынан 5 мың түп ағаш көшеті әкелініп, 6 көшеге отырғызылды. Ауыл шетінен жастар серуендеп демалатын «Сүйеніш» саябағы ашылды. Облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 5 көшеге тас төселіп, асфальттанды. Алты көшеге нөмірлеп белгі қойылса, ауыл ақсақалдары бас болып Өтебай ұрпақтарының күшімен бейіттерді қоршау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл орталығынан тірек пункті ашылды.Сондай-ақ ауылда консервілеу, киім- кешек тігетін цех, халыққа қызмет көрсету комбинаты ашылып, жұмыс істей бастады. Комбинатта киім-кешектермен бірге жергілікті шеберлердің қолымен жасалған көрне, самаурың, кетпег, күрек секілді тұрмыстық бұйымдар мен заттар сатылды. Уақыт өте келе тұрғындар да нарық талабына бейімделіп, кәсіпкерлікке бетбұра бастады. Сол бір өтпелі қиын кезеңнің өзінде ауылда спорт үйірмесі жұмыс істеп, көптеген жастар шыңдалып шықты.

Соңғы жылдары ол туған ауылында мектепте мұғалім, одан кейін Жалағаштағы балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде инспектор қызметінде жүріп көптеген талантты спортшыларды тәрбиелеп шығарды. Бәзбіреулер секілді кәсібіне жеңіл қараған жоқ. Жаттықтырушы болған

күннен бастап өз қызметіне ынта-ықыласымен кірісті.

Спорт саласындағы жетістіктер өздігінен оп-оңай келе қоймайды.Ал оның түбінде таланттарды дайындаған бапкердің жанкешті еңбегі, маңдай тері, тынымсыз тірлігі жатыр. Білікті бапкер кездеспесе, спортшы қанша қара күштің иесі болғанымен жеңіске жете алмайды. Ал бапкер болып шәкірттерінің ішкі әлемін тани білу, тәрбиелеу оңай емес. Кез келген бапкер қадір-қасиетін, абыройын сақтап, шәкірттеріне мейірімді, қамқор болуы тиіс. Білім мен біліктілігін шындамай биіктен көріну мүмкін емес. Балаға тәлімгер болудың өзі – мәртебе. Ең бастысы, бапкер өзіне сену керек. Сенім бар жерде жеңіс бар. Міне, біз білетін бапкердің ұстанымы осы, ойлап отырса, осынша уақытқа дейін өзі дайындаған халықаралық додаларға қатыстып, жеңіске жетіп, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген шәкірттері көптеген мемлекеттерде әнұранымызды шырқатып, елдігімізді айшықтады.

Жалпы шәкірттерінің спорт саласындағы жеңісі мен жетістіктерін көру – жаттықтырушы бапкер үшін үлкен қуаныш.Мәселен,өзі баптағанбайрақты бәсекелерде сенімін ақтаған ҚР спортына еңбегі сіңген жаттықтырушы, спорт шебері, дзюдодан халықаралық дәрежедегі төреші Садық Мұстафаев, бірнеше дүркін халықаралық турнирдің жүлдегері, спорт шебері Уәлихан Жадақов, спорт шебері Бақыт Дүйсенов, Арун Жолдасбаев, спорт шеберлігіне үміткер Гүлдана Қаппарова, Базарбек Әбенов, Тоқтар Жаппасов, Аян Асылбеков, Еңбек Сымабаев, облыстық, республикалық турнирлерде топ жарып жүрген жүлдегер Нұрсұлтан Ахметов, Нұрхан Әбиев, Еркінбек Тобжанов секілді жергілікті палуан шәкірттерімен мақтанады. Булардың көпшілігі қазіргі таңда спорт саласында әлі де қызмет атқарады.

Жаттығулар кезінде көп еңбектеніп, шаршамаған бала жарыста жеңіске жете алмайды. Ең бірінші жүрек керек. Сосын асықпай, ақырын жүріп, анық басып, іс-қимылға көшкен палуан мақсатына, яғни жеңіске жетеді, – дейді ардагер ағамыз.

2008 жылы туған ауылы Мәдениетте балалар және жасөспірімдер спорт мектебі ашылғанда ауыл тұрғындарымен бірге Қуекеннің де қуанышында шек болған жоқ. Қуанбағанда ше, талапкер спортшыларды іріктеп тәрбиелеп, ауыл спортын дамытуға толық мүмкіндік туды және сол мектепке директор болып тағайындалып, өзі басшылыққа келді. Бірақ жаңадан ашылған спорт мектебінің жұмысын жүргізіп, одан әрі жандандыруоңай емес.Апдаатқарылар қыруар жұмыс күтіп тұр. Бірінші кезекте он екіде бір сайманы жоқ жаңадан салынған спорт нысанын жабдықтап, спорт құралдарымен қамтамасыз ету, жаттықтырушы мамандар табу қажет болды. Жарақ құлағы жастыққа тимей зыр жүгіріп, аудан, облыс басшылары

жағалап, жағдайды баяндап өтініш айтуына тура келді. Демеушілер іздеп, көмек сурады. «Көш жүре түзеледі» демекші, көп ұзамай жұмысы жүре бастады. Мектепке жас палуандар жаттығатын кілем, матрастар әкелінді. Мектеп ауласында валейбол, футбол алаңдары салынды. Балаларды спортқа даярлап тәрбиелейтін жаттықтырушы мамандар да табылды. Сөйтіп спорт мектебінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, спортшылардың дайындалуына барлық жағдай жасалды. Сонымен қатар спорт мектебінің филиалдары өзге ауылдарда да ашыла бастады. Яғни Мәдениет ауылындағы №14 балалар және жасөспірімдер метебіне қарасты Бұқарбай батыр ауылында еркін күрес, Аламесек ауылында қол добы, Еңбек ауылында волейбол, бокс, Мырабай ахун ауылында бокс, таеквандо, Жаңаталап ауылында дзюдо, Мақпалкөл ауылында қазақ күресі, кинбоксинг, Аққыр ауылында ауыр атлетика үйірмелері жұмыс жасайды.

Айта кетейік, аталған ауылдардағы спорт үйірмелерінде 692 шәкірт жаттығудан өтіп, байрақты бәсекелерге дайындалады. Мұндағы 9 спорт түрі бойынша 80-ге жуық жасөспірім спорт шеберіне үміткер атағын орындаса, 1-ші разрядты 40 спортшы бар. Булардың барлығы аталған спорт түрлері бойынша облыстық, республикалық турнирлерге қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр.

Кезінде 1-май ауылдық кеңесіне қарасты Қызыл жұлдыз колхозының жылқысын баққан әкесі Ахмет құлынтайларды ұстап, тырп еткізбейтін ете қарулы екі болған екен. Оның халыққа жасаған емшілік қызметі жайлы да ел арасында айтылып жүр. Ал анасы Бейбіт Оразымбетова ұзақ жыл білім саласында ұрпақ тәрбиелеп, есімі ел жадында жаңғырды. Ол – Қызыл жұлдыз мектебінің қазыған қағып, ашылуына атсалысқан алғашқы ұстаздардың бірі. Мәдениеттегі мектепте Бейбіт алай бастауыш сынып оқушыларына сабақ берді.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері Қуандық Ахметов қырық жыл ғұмырын спорт саласына арнап, қазақ күресі мен самбо, дзюдодан небір талантты жастарды тәрбиелеп шығарды. Айта кету керек, маңдай терін төгіп, 10 спорт шеберін, 30 спорт шеберіне үміткер,100-ден астам 1-разрядты палуан тәрбиелеп шығарған білікті бапкердің есімін бүкіл Сыр елі ерекше құрмет тұтады.

Биыл 75 жасқа толған тәлімгер үйде қол қусырып қарап отырмай, студенттер мен мектеп оқушыларына спорттың пайдасы мен манызын түсіндіріп, салауатты өмір салтын насихаттап келеді. Адал қызметімен абырой асқарынан көрінген ардагер ағамыз – өсіп-өнген, өрісі кең отбасының басшысы. Ұзақ жыл әлеуметтік қамсыздандыру саласында қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан жүйбайы Рысқұл екеуі 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, оншақты нөмере сүйіп отыр.

Серік БЕРТАЕВ,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері

Талап



Бруцеллез – қауіпті инфекция

Бруцеллез – еңбекке деген қабілетті ұзақ уақытқа дейін жоғалтатын аса қауіпті ауру. Ол – жануар мен адамға ортақ жұқпалы дерттің бірі. Бруцеллез тудырушы микробтар тобын бруцелла деп атайды. Бруцеллезбен барлық ауыл шаруашылық жануарлары, соның ішінде әсіресе қой, ешкі, ірі қара және шошқа көбірек ауырады.

Бруцелла бактериясы суда 3 айға дейін, мұз болып қатқан етте 10 айдан көп, сүтте 10-30 күн, топырақта 1,5-6 ай, брынза, май, сыр, айран өнімдерінде 10-3,4 ай, етте 12-47 күн, тұздалған теріде 2 ай, жүнде 2-3 ай сақталады.

Бруцеллез қоздырғыштары ауру малдың етінен де, сүт өнімдерінен де жұға береді. Сондықтан сүтті тек қайнатылғаннан кейін ғана пайдалану қажет, шикі немесе шала піскен етті жеудің қатерлі екенін естен шығармау керек. Ауру сырқаттың барлық мүшесіне зиянын тигізеді. Атап айтсақ, буындардың, жүрек-қан тамырларының, демалу және ас қорыту жүйелерінің, зәр шығару органдарының, орталық жүйке жүйесінің, лимфа түйіндерінің, көк бауырдың жұмысын нашарлатады, көз бен құлақтың көру және есту қабілеті төмендейді. Егер толық ем қабылдмаса, адамның мүгедек болып қалуы ықтимал.

Аурудың негізгі белгілеріне келсек, дене қызуының ұзақ уақыт көтерілуі, қалтырап тоңу, бастың ауыруы, әлсіреу, дененің түршігуі және қатты терлеу, әсіресе түнгі қарай бірнеше аптадан соң буындар ісініп, ауыра бастайды. Егер осы айтылған белгілер сізді мазаласа, дерігерлік көмекке жүгіткен дұрыс. Бруцеллез ауруының ең қатерлі, көп тарайтын мезгілі – көктемгі мал төлдету мен қой қырку кезеңі. Осы науқандар кезінде әсіресе сақтық шараларын қатаң орындап, мал шаруашылығына араласатын адамдарды арнаулы киімдер мен резеңке қолғап, етік және тағы басқа керекті жабдықтармен қамтамасыз ету керек.

Жұмыстан кейін қолды бірнеше рет сабындап жуу, түсік түскен жерді арнаулы дәрімен дезинфекциялау, қолдағы ұсақ жарақаттарды уақытында емдеп, қолға арнаулы қолғап киіп жұмыс істеу, осының бәрі адамның және басының бруцеллез ауруынан сақтану шаралары болып табылады.

Аурудың жұғуының алдын алу үшін ауру жануарды алуында анықтау және оқшаулау керек. Жануарға күтім жасағанда арнайы киімді (халат, кланжалы алжапқыш, резеңке етік және қолғапты) қолдану және жан-жануарларға күтім жасау ережелерін сақтау қажет. Арнайы ертілдінен жануар тұратын жерді залалсыздандыру, қауіпті топқа жататын адамдар (сауыншылар, малшылар, ет комбинатының қызметкерлері) үшін бруцеллезге қарсы екпе қолдануы маңызды.

Жүйелі профилактикалық тексеруден көмінде жылына 1 рет өту, жануарларға күтім жасайтын тұлғалар үшін және тазалық ережесін сақтау, сабынды ыстық сумен үнемі қолды жуу да ерекше маңызға ие. Жаңа сауылған сүтті түтіпбаныз, тек қайнатылған немесе пастерленген сүтті тұтыну, етті жылумен мұқият өңдеу қажет. Іспесе құжаттары жоқ ет және сүт өнімдерін жабайы сауда орындарынан сатып алмаған жөн.

Жоғарыда айтылған қарапайым талаптарды орындай отырып, өзіңізді, отбасыңызды бруцеллез ауруынан сақтай аласыз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы берік ұстаған жөн. Аурудың адамнан адамға емес, тек ауру малдан ғана жұғатынын есте ұстау керек.

Г.АЙМЫБЕТОВА,
Жалағаш аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

Жемқорлыққа жол жоқ

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жаып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Аққыр ауылдық округі әкімі аппаратының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде 2025 жылға арналған іс-шара жоспары бекітіліп, ауылдық округ аумағында орналасқан мекеме басшыларымен бірлесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Аққыр ауылдық округі әкімі аппараты ғимаратында мекеме қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел, Аққыр ауылдық клубы ғимаратында «Сыбайлас жемқорлықсыз жарқын болашақ» тақырыбында ауыл тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы атқарылған жұмыстар Аққыр ауылдық округі әкімі аппаратының фейсбук әлеуметтік парақшасына үздіксіз жарияланып отырады.

Мықты мемлекет – жемқорлықсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына өну үшін аяқ басқанда айналымызды ашқаз аялақтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз.

Бауыржан ШЫНҚЫРОВ,
Аққыр ауылдық округінің әкімі

Жемқорлықпен күрес – қоғам талабы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу кез келген мемлекеттің ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық – мемлекетті ішінен жоюға тырысатын, жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қатер әкелетін дерт. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы ауылдықпен күресу жолдарын іздейді. Сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін халықты құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Халық өз құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда іс-қимыл қолдану керектігін нақты жолдарын толық білугі керек. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет, яғни көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлықкерістеріне мүмкіндігінше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Инспекцияда үнемі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында тұрақты түрде семинарлар, дөңгелек үстелдер, құқықтық оқулар өткізіліп тұрады.

Ж.МАҢЫЗБАЕВ,
ҚР АШМ ВБЖҚК-нің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

Сақтансаң, сақтайды



Өрт – адам өміріне, мүлікке және табиғатқа орасан зиян келтіретін апаттың бірі. Өкінішке орай өрт оқиғалары көбіне қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан туындайды. Сондықтан әрбір азаматтың өрт қауіпсіздігі жөнінде білімі мен жауапкершілігі болуы тиіс.

Өрт қауіпсіздігін сақтау – ортақ міндет

Өрттің негізгі себептеріне келсек, көбінесе электр құралдарын дұрыс пайдаланбау, пеш, газ құралдарының ақауы немесе дұрыс қолданылмауы, балалардың отпен ойнауы өрттің шығуына себеп болып жатады. Кейде шылмы шегу кезінде сақтық шараларын ескірмеу, орманда немесе далада от жағу кезіндегі немқұрайлықтың салдарынан да өрт оқиғалары орын алып жатады.

Осы ретте «Қайтсек тілсіз жаудың алдын алуға болады?» деген заңды сауал туындайды. Өрттің алдын алу үшін электр желілерінің жағдайын үнемі тексеріп отыру керек. Пеш пен мұржаларды маусым сайын тазалау да тілсіз жаудың алдын алуға үлкен сеп болады.

Газ жабдықтарын тексерілген мамандарға ғана орнатқан дұрыс. Балаларға отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіріп отыру керек. Табиғат асында от жаққан

жағдайда оны толық өшіріп кету қажет. Енді төтенше жағдай кезінде не істеу керек? Өрт шыққан жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз. Адамдарды қауіпсіз жерге эвакуациялаңыз. Мүмкіндігінше бастапқы кезеңде өртті өртсөндіргіш немесе су арқылы сөндіруге тырысыңыз. Түтінге тұншығып қалмау үшін еңкейіп немесе еңбектеп шығыңыз, ауыз-мұрныңызды дымқыл шүберекпен жабыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сараптама

Жасөспірімдер арасында 226 құқық бұзушылық анықталған

Соңғы уақытта елімізде жасөспірімдер қылмысы азаймай тұр. Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы теріс қылықтың көбі ұрып-соғу, ұрлық және өз-өзіне қол салу сияқты фактілерден тұрады. Жауапты органдардың жүйелі жұмысының нәтижесіне қарамастан, ауданда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс өткен жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға өскен. Мәселен, биыл Жалағаш аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері жасөспірімдер арасында 226 құқық бұзушылық дерек анықтаған.

11 жасөспірім есепке алынған

Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторлары жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бірқатар жұмыс атқарды. Жалпы кәмелетке толмағандар арасындағы



құқық бұзушылықтың өсуіне ата-аналардың баланы қараусыз қалдыруы, компьютерлік ойындарға әуестенуі, құқықтық сауаттың төмендігі және жасөспірімдер үшін бос уақытты тиімді ұйымдастырудың болмауы себеп болып тұр.

Осы орайда аудандық білім, денсаулық сақтау бөлімімен бірлескен профилактикалық іс-жоспарды жүзеге асыру барысында аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі және қылмысты іздестіру бөлімшелері кәмелетке толмағандар арасындағы топтарды анықтау, ыдырату, есепке қою секілді жұмыстарды жүргізуде.

Сотқар оқушыларды есепке алу бойынша тоқталсақ, 11 жасөспірім тізімдік есепке, 11 ата-ана тәрбие беру жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін профилактикалық есепке алынған. Бір жасөспірімге қатысты қорғау нұсқамасы шығарылып, есепке қойылған. Жауапты мамандар профилактикалық есепте тургандардың мекен-жайына арнайы барып, тексеру жұмыстарын үнемі жүргізуде.

Қоғамдық тәртіпті бұзушы жасөспірімдердің арқайысына талдау жасайтын болсақ, заңды өкілдері бірге жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғынжайдан тыс жерлерде сағат 23.00-ден таңғы сағат 6.00-ге дейін болуы бойынша 186 дерек анықталған. Сондай-ақ бір жыл ішінде екі және одан да көп рет әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған 8 дерек тіркелген.

Кент орталығындағы патрульді полиция бекеттерін жасөспірімдердің топтасып төбелесу, қылмысқа бейімділігі байқалатын жағдайды анықтау, алдын алу мақсатында рейдтік жұмыстарын үздіксіз жүргізуде. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде ауданда топтық төбелеске жол берілмеген.

Шылым сатып, шығынға батты

Сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдерін тұтынудың алдын алу мақсатында 21 жасқа толмаған тұлғаларға алкоголь, темекі өнімдерін сататын сауда орындары мен ойын-сауық мекемелерін анықтау бойынша ЖПҚБ ЮПТ инспекторларымен бірлескен «Түпкі қаладағы жасөспірім» рейдтік іс-шарасы өтуде. Рейд барысында қоғамдық орындар, соның ішінде ойын-сауық орындарың, дүкендер және білім беру мекемесіне іргелес учаскелер



Фото: ашық дереккөз

мен солын әлі де танып үлгермеген балаларға нәнің ақ, нәнің қара екенін нұсқайтын ата-ана керек. Сондай-ақ отбасында тәрбиелік бағытта әңгімелер жүргізілмегенінің салдары да бар, – дейді аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының инспекторы Жандос Мұстафаев.

Тәрбие отбасынан басталады

Әрине, әуелі ата-ана отбасындағы тәрбиені дұрыс жолға қоюы керек. Баланы бақылау, бос уақытын тиімді пайдалануына ықпал жасау секілді жұмыстарды атқару маңызды. Қазақты тәрбиеде балаға үлкендерді құрметтеуді, кішіге қамқорлық жасауды үйретеді. Бірақ шамадан тыс тыйымдар, оның қызығушылығымен санаспау, эмоцияларын көрсетуден тыю болашақта

ресурстық орталығы, полиция бөлімі, аудандық білім бөлімі, ерікті жастармен қатар мектеп мұғалімдері де белсенді қатысуда. Рейд барысында қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ заңсыз өрекеттердің алдын алу бойынша арнайы шаралар қабылданады, – дейді №31 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахтияр Мұратбек.

Психологтар не дейді?

Психолог-ғалымдардың зерттеуінше, бала үш жасқа келгенде алғашқы өтпелі кезең болады. Бала психикасының дамуындағы дағдарыс оның қылықтарынан көріне бастайды. Себебі дәл осы жас – баланың «жоқ» дегенді түсінгісі келмейтін, тыйым салуды ұнатпайтын, мінез-құлқы тұрақсыз кезеңінің бірі. Бұл жағдайда баланы жақсы жаққа қарай бағыттай білу – ата-ананың



баланың бостандығы мен таңдауына кедергі келтіреді.

– Ата-аналардың кейбірі «Балам мектепте білім алуда, сондықтан ұстаздар тәрбиесіне де бақылау жасау керек» немесе «Баланың киім-кешегін, тамағын тауып бердім, тәрбиесімен мектеп не балабақша айналысын» деген ұстанымда. Иә, бала тәрбиесінде жауапкершілік мұғалімдерге де артылады. Әрине, кез келген білім ошағында психолог, тәрбие ісі жөніндегі мамандар жұмыс істейді. Балалар арасында қылмыстың көбеюі, қатыгез болып кеткенінің бір себебі үйдегі ата-ананың баласына деген уақытының аздығы деп ойлаймын. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ана, мұғалім, жалпы қоғам болып атсалысуымыз керек. Мектепте оқушылардың білімді, тәртіпті, рухани бай, патриот болып өсуіне бағытталған түрлі танымдық, спорттық іс-шаралар ұйымдастырамыз. Мәселен, «Қазақ батырларының өмірі», «Бауыржан Момышұлының ерліктері», «Егемен елдегі елеулі тұлғалар» секілді танымдық бағыттағы әріміз сағаттары өтеді. Профилактикалық бағыттағы түпгі рейдтерге аудан әкімдігі, аудандық прокуратура, жастар

басты міндеті. Оған өзге адамдардың жай-күйін түсіну, яғни эмпатия қабілетін мектепке дейін қалыптастырған абзал.

Ескертемі! Кезекті оқу жылы да аяқталуда. Осыған орай аудандық полиция бөлімі ата-аналарға, ұстаздарға түлектердің қауіпсіздік шараларды, шектеулерді қатаң сақтауына мән беруді сұрайды.

Мектеп бітіру көшін сән-салтанатты өткізуге, яғни беймезгіл уақытта мерекелік үстел, салтанатты дастархан ұйымдастыруға болмайды. Жалға берілетін автокөліктерді тарта отырып, қала бойынша көшпелі экскурсиялар өткізуге, мектеп бітіру іс-шарасын мейрамханаларда, кафелерде және басқа да ойын-сауық орындарында ұйымдастыруға тыйым салынады.

Сонымен қатар суға шомылу маусымын қауіпсіз өткізу шеңберінде су айдындарында патрульдер мен рейдтер жүргізіледі. Осы мақсатта барлық білім беру ұйымдарына арнайы нұсқаулар беріліп, ата-аналармен жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек. Жасөспірімдер қауіпсіздігіне қоғам болып бейжай қарамаған дұрыс.

ЖАРЫН

Құқық жаңалықтары



Темірторда да тіршілік бар

Қылмыс деңгейінің өсуі өркениетке бет алған кез келген мемлекет үшін өзекті мәселе саналады. Соның ішінде бұрын істі болғандардың қылмысқа қайта баруы алаңдатады. Қамақтан шығып, қоғамда өз орнын таппай, темірторға қайта телміріп жатады. Әрине, қамауда болған адамның екі қолға бір күрек табуы қиын. Әйтсе де солай екен деп бұл жағдайға көз жұма қарауға тағы болмайды. Теміртордың арғы бетінде жазасын өтеп жатқандардың ерте ме, кеш пе бұғаудан босайтынын ескерсек, бүгіннен бастап оларды қоғамға бейімдеген азал. Екінші жағынан олардың да ел қатарлы тұрмыс көшуге құқығы бар, ел дамуы үшін олар да еңбек етуі тиіс.

Осы орайда Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің №60 мекемесіне барып, жазасын өтеушілерді жұмыспен қамту бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, өндірістік цехтарды аралады.

Аталған мекеменің өндірістік аймағында қазіргі таңда 14 жеке кәсіпкер 400-ге жуық жазасын өтеушіні жұмыспен қамтып отыр. Өндірістік аймақта кірпіш зауыт, тігін цехы, дәнекерлеу цехы, қолөнер шеберханалары, брусчатка және пластик терезе дайындайтын цехтар бар.

Өндірістік аймақты аралау барысында облыс прокуроры департамент басшылығына жазасын өтеушілердің жасаған қолөнер бұйымдарына арналған жәрмеңке ұйымдастыру керегін және жаңа жұмыс орындарын ашу туралы нақты тапсырмалар берді.

Сонымен қатар Ризабек Көрімұлы жазасын өтеушілерді жеке қабылдап, өтініштері мен шағымдарын мұқият тыңдап, қойылған сауалдарға заң аясында жан-жақты жауап берді. Әрбір сұрақ бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін жауапты қызметкерлерге нақты тапсырмалар жүктеді.



Жол қауіпсіздігі басты назарда

Соңғы жылдары жол-көлік оқиғалары жиіледі. Ерекше айта кететін жайт, мото көліктердің қатысуымен апаттар күрт өсті. Жол апаты қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отыр. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар. Мұндай қайғылы жайттардың алдын алу қоғам үшін маңызды мәселеге айналды.

Осы ретте Қызылорда облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өтті. Іс-шара барысында жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің тәртібін бақылау кең көлемде жүргізілді. Бұл – жол-көлік оқиғаларының алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

Қызылорда облысы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының мәліметінше, іс-шара барысында мектептерде және білім ұйымдарында 300-ге жуық жол ережесі бойынша семинар өткізілген. Сонымен қатар «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолында кемпингтерде және демалыс орындарында жүргізушілерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадynamалар тартылды. Осы автожолдың бойында жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен екі мәрте жолда қабылдау акциясы ұйымдастырылған.

Профилактикалық жұмыстарға Қызылорда облысының Полиция департаментінің 352, 134 автопатрульдеу бағытында патрульдік полициясының 212 қызметкері, 122 учаскелік полицияны және қалалық, аудандық бөліністерінің басқа салаларынан 18 қызметкер жұмылдырылса, мұнан басқа да қызмет салаларынан 23 қызметкер қатысқан.

Нәтижесінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша 10 975 құқық бұзушылық анықталған. Сонымен қатар 1281 автокөлік айып тарағына қойылып, 377 автокөліктің қозғалысын шектеу мақсатында мемлекеттік тіркеу белгілері алынған.

«ЖЖ» ақпарат

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН